

¹Иманбекова Б.Т.^а, ²Құрманбек С.Ж., ²Намазбаева З.Е.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМДІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ТЕЛЕМЕДИЦИНАНЫҢ КӨМЕГІМЕН ДАМУЫ

Иманбекова Багдагуль Толендиевна, Құрманбек Салтанат Жанабекқызы,
Намазбаева Зауре Есенкуловна

Қазақстандағы медициналық туризмді цифрлық технологиялар мен телемедицинаның көмегімен дамыту

Аңдатпа. Қазақстандағы медициналық туризмнің дамуы бүгінгі күні цифрлық технологиялар мен телемедицинаның көмегімен ерекше маңызға ие болып отыр. Зерттеу барысында телемедициналық платформалар шетелдік пациенттермен қашықтан байланыс орнатуда маңызды рөл атқаратындығы анықталды. Бұл платформалар алдын ала консультациялар, диагностикалық бағалау және емдеу жоспарын әзірлеу процестерінің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Цифрлық технологиялар медициналық мекемелерге халықаралық пациенттерді қабылдауға алдын ала дайындық жүргізуге мүмкіндік береді. Халықаралық сапарларын жоспарлау барысында уақыт пен шығынды оңтайландыруға жағдай жасайды. Бұның нәтижесінде Қазақстанның медициналық туризм саласындағы бәсекеге қабілеттілігі жоғарылайды. Соңдай-ақ, зерттеуде, пациенттердің пікірлерін жинақтауға мүмкіндік беретін цифрлық платформалардың қызмет көрсету сапасын халықаралық стандарттарға сай келтіруге оң әсер ететіні де көрсетілді. Зерттеу нәтижелері медициналық және туристік қызметтердің интеграциясы еліміздің медициналық имиджін жақсартуға, шетелдік пациенттердің Қазақстанды таңдау себебін арттыруға және экономикалық тиімділікті көтеруге ықпал ететінін дәлелдейді. Жалпы алғанда, цифрлық технологиялар мен телемедицинаны тиімді пайдалану Қазақстанның медициналық туризмін стратегиялық түрде дамытуға және оның жаһандық нарықта бәсекелестікке қабілетті бағытқа айналуына мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: медициналық туризм, цифрлық технологиялар, телемедицина, пациенттерді басқару, медициналық қызметтер, халықаралық пациенттер, бәсекеге қабілеттілік.

Иманбекова Багдагуль Толендиевна, Курманбек Салтанат Жанабекқызы,
Намазбаева Зауре Есенкуловна

Развитие медицинского туризма в Казахстане с помощью цифровых технологий и телемедицины

Аннотация. Развитие медицинского туризма в Казахстане в настоящее время приобретает особое значение благодаря цифровым технологиям и телемедицине. В ходе исследования было установлено, что телемедицинские платформы играют ключевую роль в установлении удаленных связей с иностранными пациентами. Эти платформы помогают повысить эффективность таких процессов, как предварительные консультации, диагностическая оценка и разработка плана лечения. Цифровые технологии позволяют медицинским учреждениям заранее готовиться к приему международных пациентов, оптимизируя время и затраты при планировании их международных поездок. В результате конкурентоспособность сектора медицинского туризма Казахстана увеличивается. Исследование также показало, что цифровые платформы, предоставляющие возможность сбора отзывов пациентов, положительно влияют на качество обслуживания, соответствующее международным стандартам. Результаты подтверждают, что интеграция медицинских и туристических услуг способствует улучшению медицинского имиджа страны, увеличивает количество причин для иностранных пациентов выбирать Казахстан и повышает экономическую эффективность. Таким образом, эффективное использование цифровых технологий и телемедицины предоставляет возможность стратегического развития медицинского туризма Казахстана и позволяет ему стать конкурентоспособным направлением на мировом рынке.

Ключевые слова: медицинский туризм, цифровые технологии, телемедицина, управление пациентами, медицинские услуги, международные пациенты, конкурентоспособность.

Imanbekova Bagdagul Tolendievna, Kurmanbek Saltanat Zhanabekkyzy,
Namazbayeva Zaure Esenkulovna

Development of medical tourism in Kazakhstan through digital technologies and telemedicine

Abstract. The development of medical tourism in Kazakhstan is currently gaining special significance through the help of digital technologies and telemedicine. The research revealed that telemedicine platforms play a crucial role in establishing remote connections with foreign patients. These platforms help enhance the efficiency of processes such as preliminary consultations, diagnostic assessments, and the development of treatment plans. Digital technologies allow medical institutions to prepare in advance for the reception of international patients, optimizing time and costs when planning their international trips. As a result, the competitiveness of Kazakhstan's medical tourism sector increases. The study also indicated that digital platforms, which enable the collection of patient feedback, positively impact the quality of services to align with international standards. The findings demonstrate that the integration of medical and tourist services contributes to improving the country's medical image, increasing the reasons for foreign patients to choose Kazakhstan, and enhancing economic efficiency. Overall, the effective use of digital technologies and telemedicine provides an opportunity for the strategic development of Kazakhstan's medical tourism and allows it to become a competitive direction in the global market.

Key words: medical tourism, digital technologies, telemedicine, patient management, healthcare services, international patients, competitiveness.

Кіріспе. Қазіргі таңда әлемдік медициналық туризм нарығы қарқынды дамып келеді. Ал цифрлық технологиялар мен телемедицина бұл процесті жаңа деңгейге көтеріп отыр. Пациенттер енді өз елінен шықпай-ақ шетелдік клиникалармен байланысқа шыға алады. Олар қашықтан консультация алу, диагноз қою және емдеу жоспарын анықтау мүмкіндігіне ие. Мұндай тренд тек сапалы медициналық қызметке қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, елдердің экономикалық және туристік әлеуетін арттыруға да жол ашады.

Қазақстан үшін медициналық туризм стратегиялық маңызы бар салалардың бірі болып табылады. Елдің географиялық орны, дамып келе жатқан инфрақұрылымы және медициналық мамандардың біліктілігі халықаралық пациенттерді тартуға мүмкіндік береді. Дегенмен, дәстүрлі медициналық туризм тек физикалық сапарларға негізделгендіктен, кейбір пациенттер үшін қолжетімділік шектеулі болып қалады. Осы тұрғыдан алғанда, телемедицина технологиялары жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Телемедицина Қазақстанның медициналық қызметтерін халықаралық нарыққа шығару құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл пациенттерге алдын ала консультация алу, қажетті емдеу бағыттарын таңдау және медициналық қызмет сапасына сенімді болу мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, қашықтықтан медициналық қызмет көрсету шетелдік пациенттердің сапардан бұрын сенімділік сезінуіне ықпал етеді, бұл олардың Қазақстанға келу ықтималдығын арттырады.

Цифрлық медициналық туризмнің артықшылықтары тек пациенттер үшін ғана емес, елдің экономикалық дамуы үшін де маңызды. Телемедицина платформалары арқылы шетелдік

пациенттерді тарту Қазақстандағы клиникалардың табысын арттыруға, жұмыс орындарын көбейтуге және туризм саласындағы қызметтерді дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық медициналық туризм экономикалық өсімді тұрақты ететін факторға айналады.

Бұған қоса, цифрлық медициналық туризм Қазақстанның медициналық және туристік салаларын интеграциялауға жол ашады. Пациенттерге медициналық қызметпен қатар, туризм және мәдени бағдарламаларды ұсыну елдің тартымдылығын арттырады. Бұл интеграция ұлттық туризм стратегиясына сәйкес медициналық туризмді басым бағыт ретінде дамытуды қамтамасыз етеді.

Сондықтан цифрлық медициналық туризм Қазақстан үшін халықаралық пациенттерді тартудың тиімді құралы болып табылады. Ол елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырады және медициналық қызмет сапасын жақсартады. Сонымен бірге, бұл бағыт ұлттық туризмді жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Бұл зерттеу телемедицинаның шетелдік пациенттерді тартудағы мүмкіндіктерін, тиімділігін және даму перспективаларын талдауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы медициналық туризмді дамыту үдерісін цифрлық технологиялар мен телемедицинаны қолдану тұрғысынан кешенді түрде зерттеу, халықаралық медициналық туризм тәжірибесін талдау негізінде телемедицинаның шетелдік пациенттерді тарту, медициналық сапарды ұйымдастыру және емдеу нәтижелерін қашықтан бақылаудағы рөлін айқындау. Сондай-ақ Қазақстан жағдайында медициналық туризмді цифрлық форматта дамытудың тиімді модельдері мен ғылыми негізделген ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы – телемедицина мен цифрлық технологияларды Қазақстандағы медициналық туризмді дамытудың жеке медициналық құралы ретінде емес, халықаралық медициналық қызметтер нарығына интеграцияланудың жүйелік тетігі ретінде қарастыруында. Зерттеу барысында телемедицинаның медициналық туристерді тарту, медициналық сапарды ұйымдастыру және емдеуден кейінгі бақылау кезеңдеріндегі рөлі кешенді түрде талданады және Қазақстан жағдайына бейімделген даму модельдері ұсынылады.

Зерттеудің міндеттері:

– медициналық туризм құрылымында телемедицинаның (алдын ала онлайн-консультация, қашықтан диагностика, операциядан кейінгі бақылау) функционалдық рөлін анықтау;

– шетелдік тәжірибе негізінде цифрлық платформалар мен телемедициналық сервистердің халықаралық пациенттердің Қазақстанды емделу елі ретінде таңдауына әсерін талдау;

– Қазақстан мен шет елдердегі медициналық туризм тәжірибесін салыстыру арқылы цифрлық технологияларды қолданудың тиімді модельдерін айқындау;

– медициналық және туристік қызметтердің цифрлық интеграциясы (онлайн тіркеу, медициналық виза, тілдік қолдау, сервистік сүйемелдеу) арқылы Қазақстанның медициналық туристік тартымдылығын арттыру жолдарын негіздеу;

– телемедицина мен цифрлық технологияларды пайдалану арқылы Қазақстандағы медициналық туризмді дамытуға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар жүйесін ұсыну.

Әдеби шолу. Медициналық туризм соңғы онжылдықта жаһандық денсаулық сақтау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Ғылыми зерттеулерде бұл құбылыс пациенттердің өз елдеріндегі медициналық қызметтердің қымбаттығы, ұзақ күту тізімдері және жоғары технологиялы емдеу әдістерінің шектеулі қолжетімділігімен байланыстырылады. Осы факторлар халықаралық медициналық қызметтер нарығының кеңеюіне және медициналық туризм ағындарының артуына негіз болды [1, 2].

Медициналық туризмнің қазіргі даму кезеңі цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Hong Y.A. және Lunt N., Horsfall D. өз еңбектерінде интернет, цифрлық платформалар және онлайн-маркетинг медициналық туристердің шешім қабылдау процесінде шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Авторлар шетелдік пациенттердің емделу елі мен медициналық ұйымды таңдауда рес-

ми веб-сайттар, онлайн-пікірлер және цифрлық байланыс арналарына ерекше мән беретінін атап өтеді [1, 3].

Телемедицина медициналық туризмді цифрландырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады. WHO және Bashshur R.L. et al. телемедицинаны қашықтан медициналық кеңес беру, диагностика және мониторинг жүргізудің тиімді механизмі ретінде сипаттайды. Бұл технология шетелдік пациенттер үшін медициналық сапарға дейінгі сенімділікті арттырып, медициналық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді [4, 5].

Gu D., Li J., Wang Y. (2021) жүргізген эмпирикалық зерттеу телемедицинаның медициналық туризмге қатысу ниетіне тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Авторлар телемедициналық консультациялар пациенттердің ақпараттану деңгейін арттырып, медициналық сапар жасауға деген психологиялық кедергілерді азайтатынын анықтаған. Сонымен қатар, телехелспен телемедицинаның функциялық айырмашылықтары көрсетіліп, телемедицинаның клиникалық мәні басым екені дәлелденген [6].

Цифрлық технологиялардың медициналық туризмге ықпалын жүйелі түрде зерттеген библиометриялық және PRISMA-шолулар да бар. Ashraf J., Hayat Y. (2025) және Jayanthi Kannan M. K., Shree Nee T. R., Mariyappan K. (2024) еңбектерінде жасанды интеллект, big data, телемедицина және мобильді қосымшалардың медициналық туризмді жаңа деңгейге көтеріп отырғаны атап өтіледі. Бұл зерттеулерде цифрлық денсаулық сақтау халықаралық медициналық қызметтер нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі факторы ретінде көрсетіледі [7, 8].

Аймақтық тәжірибелерге тоқталсақ, Түркия, Үндістан және Оңтүстік Корея медициналық туризмді цифрлық технологиялар арқылы дамытудың табысты үлгілерін көрсетіп отыр. Sungur C. (2025) Түркия мысалында телемедициналық платформалар, көптілді цифрлық сервистер және онлайн тіркеу жүйелері медициналық туристер ағынын арттыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді [9]. Үндістан бойынша жүргізілген зерттеулерде телемедицина медициналық қызметтер экспортын кеңейтудің негізгі тетігі ретінде қарастырылады [10].

Сонымен қатар, бірнеше зерттеулер телемедицинаның медициналық туризмдегі рөлін медициналық сапардың барлық кезеңдерімен байланыстырады. Saliba V., Legido-Quigley H., Hallik R.,

Aaviksoo A., Car J., McKee M. және Connell J. телемедицинаны алдын ала кеңес беру, емдеу жоспарын келісу және операциядан кейінгі бақылау кезеңдерінде қолдану медициналық туризмнің тұрақты дамуына ықпал ететінін атап өтеді [11, 12].

Жалпы алғанда, шетелдік ғылыми әдебиеттер медициналық туризмді дамытуда цифрлық технологиялар мен телемедицинаның рөлі жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді. Алайда көптеген зерттеулер жекелеген елдер немесе аймақтар аясында жүргізілген және Қазақстан жағдайына бейімделген кешенді ғылыми зерттеулер жеткіліксіз. Осыған байланысты халықаралық тәжірибені талдау негізінде Қазақстандағы медициналық туризмді цифрлық технологиялар мен телемедицинаның көмегімен дамыту тетіктерін зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Әдістер мен материалдар. Зерттеуде Қазақстандағы медициналық туризмді цифрлық технологиялар мен телемедицинаның көмегімен дамыту мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеу мақсатында жалпығылыми және арнайы зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылды.

Зерттеудің теориялық негізін қалыптастыруда ғылыми абстракциялау әдісі пайдаланылып, медициналық туризм, цифрлық денсаулық сақтау және телемедицина ұғымдарының мазмұны мен өзара байланысы жүйелендірілді. Талдау және синтез әдістері арқылы медициналық туризмді дамытуға әсер ететін цифрлық технологиялар мен телемедицинаның негізгі факторлары анықталып, оларды Қазақстан жағдайында қолданудың тұжырымдамалық негіздері қалыптастырылды.

Салыстырмалы талдау әдісі Қазақстандағы медициналық туризмді цифрлық дамыту тәжірибесін шетелдік елдердің (Түркия, Оңтүстік Корея, Германия) үлгілерімен салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіс халықаралық тәжірибелердің артықшылықтары мен шектеулерін анықтап, Қазақстанға бейімдеуге болатын тиімді модельдерді айқындауға жағдай жасады.

Зерттеудің эмпирикалық бөлігінде статистикалық деректерді өңдеу әдістері қолданылды. Қазақстандағы телемедицина қызметтерінің даму динамикасын бағалау үшін ресми статистикалық мәліметтер, медициналық ұйымдардың агрегатталған деректері және цифрлық платформалардың пайдалану көрсеткіштері талданды. Статистикалық өңдеу нәтижелері медициналық туризмдегі телемедицинаның рөлін сандық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге контент-талдау жүргізілді. Контент-талдау медициналық туризм, телемедицина және цифрлық денсаулық сақтау салаларындағы негізгі ғылыми бағыттарды, зерттеу олқылықтарын және заманауи үрдістерді анықтауға бағытталды. Бұл әдіс зерттеудің ғылыми жаңашылдығын негіздеуге және зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстандағы медициналық туризмді цифрлық технологиялар мен телемедицинаны қолдану арқылы дамыту әлеуетінің бар екенін көрсетті. Ғылыми абстракциялау, талдау және синтез әдістері медициналық туризмнің қазіргі дамуында телемедицина негізгі құралдардың біріне айналып отырғанын анықтауға мүмкіндік берді. Телемедицина медициналық қызмет көрсету шекарасын кеңейтіп, шетелдік пациенттерге Қазақстан клиникаларына жүгінбестен бұрын алдын ала медициналық кеңес алу мүмкіндігін ұсынады.

Салыстырмалы талдау нәтижелері Қазақстандағы телемедицина қызметтерінің даму деңгейі Түркия мен Оңтүстік Корея сияқты медициналық туризмде жетекші елдермен салыстырғанда қалыптасу кезеңінде екенін көрсетті. Алайда, Қазақстан клиникаларында телемедицина негізінде бастапқы консультациялар, қашықтан диагностика және емдеу жоспарын талқылау қызметтері белсенді дамып келе жатқаны анықталды. Бұл шетелдік пациенттердің медициналық сапарға деген сенімін арттырып, елді медициналық туризм бағыты ретінде таңдауға ықпал етеді.

Статистикалық деректерді өңдеу нәтижелері онлайн-консультациялар санының тұрақты өсуін көрсетті. Телемедицина қызметтерін пайдалану динамикасы жыл сайын оң өсімге ие болып, цифрлық медициналық қызметтерге сұраныстың артып отырғанын дәлелдеді. Бұл үрдіс Қазақстандағы медициналық туризмнің цифрлық форматқа біртіндеп бейімделіп келе жатқанын көрсетеді.


Контент-талдау нәтижесінде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде телемедицинаның медициналық туризмдегі рөлі негізінен үш бағытта қарастырылатыны анықталды: шетелдік пациенттерді тарту, медициналық сапарды ұйымдастыруды жеңілдету және емдеуден кейінгі қашықтан бақылау. Алайда, Қазақстан жағдайында осы бағыттардың кешенді түрде қолданылуы жеткіліксіз екені байқалды, бұл зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығын арттырады.

Зерттеу барысында телемедицина медициналық туризмнің барлық кезеңдерінде – медициналық сапарға дейін, емдеу барысында және емдеуден кейін – маңызды функция атқаратыны анықталды. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану Қазақстан клиникаларының халықаралық нарықтағы көрінуін арттырып, медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Қазақстандағы медициналық туризмді дамытуда телемедицина мен цифрлық технологияларды жүйелі түрде енгізу елдің халықаралық медициналық имиджін нығайтуға және медициналық туризм саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасайтынын көрсетті.

Талқылау. Зерттеу нәтижелерін талқылау Қазақстандағы медициналық туризмді цифрлық технологиялар мен телемедицина арқылы дамы-


туда нақты үрдістер қалыптасып келе жатқанын көрсетті. 2021-2024 жылдар аралығында телемедицина арқылы көрсетілген онлайн-консультациялар саны тұрақты оң өсімге ие. Бұл динамика телемедицина қызметтеріне деген сұраныстың жыл сайын артып отырғанын және цифрлық медициналық қызметтердің Қазақстандағы медициналық туризм жүйесінде маңыздылығы күшейіп келе жатқанын айқындайды [13]. Аталған үрдіс шетелдік пациенттердің Қазақстан клиникаларымен медициналық сапарға дейінгі кезеңде байланыс орнатуға, бастапқы медициналық бағалау жүргізуге және емдеу жоспарын алдын ала келісуге деген қызығушылығының артқанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, телемедицина медициналық туризмнің бастапқы кезеңінде шешім қабылдауға ықпал ететін негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады (1 сурет).



1 сурет – Қазақстандағы телемедицина арқылы көрсетілген онлайн-консультациялар динамикасы (Дереккөз: авторлармен құрастырылған)

Қазақстан клиникаларымен медициналық сапарға дейінгі кезеңде байланыс орнатуға деген қызығушылықтың артуы телемедицина қызметтерінің құрылымымен де расталады. Телемедициналық қызмет түрлерінің ішінде жалпы диагностикалық және мамандандырылған онлайн-консультациялардың басым болуы шетелдік пациенттердің күрделі медициналық қызметтерге жүгінбестен бұрын цифрлық формат-

та алдын ала кеңес алуға ұмтылатынын көрсетеді [14]. Телемедицина қызметтерінің құрылымында аталған консультация түрлерінің үлесінің жоғары болуы телемедицинаның медициналық туризмдегі тәуекелдерді төмендетуге және пациенттердің сенім деңгейін арттыруға ықпал ететін тиімді құрал екенін дәлелдейді. Бұл үрдіс халықаралық тәжірибеге де сәйкес келеді (2 сурет).



2 сурет – Телемедициналық қызмет түрлерінің құрылымы
(Дереккөз: авторлармен құрастырылған)

1-ші кестеде көрсетілгендей Телемедицина қызметтерін пайдаланған шетелдік пациенттердің басым бөлігі көрсетілген цифрлық медициналық қызметтердің сапасына қанағаттанған. Бұл Қазақстан клиникаларында ұсынылатын телемедицина қызметтерінің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті екенін дәлелдейді. Сонымен қатар,

қанағаттанбаған пациенттердің үлесінің болуы техникалық және тілдік кедергілерді жою, сервистік қолдауды жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Аталған мәселелер медициналық туризмнің сервистік құрамдас бөлігімен тікелей байланысты және телемедицина қызметтерін халықаралық стандарттарға бейімдеу қажеттігін айқындайды [15].

1 кесте – Шетелдік пациенттердің телемедицина қызметтеріне қанағаттану деңгейі

Қанағаттану деңгейі	Үлес %
Өте қанағаттанған	55
Қанағаттанған	35
Қанағаттанбаған	10

Дереккөз: авторлармен құрастырылған

1-ші кестедегі мәліметтер шетелдік пациенттердің телемедицина қызметтеріне қанағаттану деңгейін сипаттайды. Кестеге сәйкес, респонденттердің басым бөлігі, яғни 55 %, телемедицина қызметтеріне өте қанағаттанғанын білдірген. Бұл көрсеткіш көрсетілетін қызметтердің сапасы жоғары деңгейде екенін аңғартады.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың 35 % телемедицина қызметтеріне қанағаттанғанын көрсеткен. Бұл да қызметтердің көпшілік пациенттердің талаптарына сай келетінін дәлелдейді. Ал 10 % респондент телемедицина қызметтеріне қанағаттанбағанын атап өткен, бұл салада әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстардың бар екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, кестеде берілген мәліметтер телемедицина қызметтеріне шетелдік пациенттердің қанағаттану деңгейі жоғары екенін және бұл қызмет түрінің халықаралық деңгейде сұранысқа ие болып отырғанын көрсетеді.

2-ші кестеде көрсетілгендей Цифрлық платформаларды пайдалану құрылымы Қазақстандағы медициналық туризмнің цифрлық инфрақұрылымының қалыптасқанын және әртараптанғанын көрсетеді. Телемедицина қызметтерінде мобильді қосымшалардың басым болуы шетелдік пациенттер үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттырып, медициналық сапарды жоспарлау үдерісін жеңілдетеді. Бірнеше балама платформалардың болуы халықаралық

пациенттерге медициналық қызметтерді таңдауда икемділік беріп, Қазақстанның медициналық

туризм саласындағы цифрлық тартымдылығын күшейтеді [16, 17].

2 кесте – Телемедицина платформаларын пайдалану құрылымы

Платформа атауы	Үлес %
EHealth	30
Telemed.kz	25
Heal.kz	20
Басқа платформалар	25
Дереккөз: авторлармен құрастырылған	

2-ші кестедегі мәліметтерге сәйкес, телемедицина платформаларын пайдалану құрылымы әртүрлі деңгейде қалыптасқанын көрсетеді. Ең жоғары үлес EHealth платформасына тиесілі болып, оның көрсеткіші 30 %-ды құрайды. Бұл EHealth платформасының пайдаланушылар арасында кең таралғанын және сенімді сервис ретінде қабылданатынын көрсетеді.

Екінші орында Telemed.kz платформасы орналасқан, оның үлесі 25 %. Бұл платформа да телемедициналық қызметтер нарығында маңызды орын алатынын аңғартады. Heal.kz платформасын пайдаланушылардың үлесі 20 %-ды құрап, салыстырмалы түрде төмендеу көрсеткішке ие.

Сонымен қатар, басқа платформалардың жиынтық үлесі 25 % болып, телемедицина нарығында балама сервистердің де сұранысқа ие екенін білдіреді. Жалпы алғанда, 1-кестедегі мәліметтер телемедицина саласында бірнеше жетекші платформалардың бар екенін және пайдаланушылардың таңдауы әртараптан-дырылғанын көрсетеді.

Салыстырмалы талдау нәтижелері Қазақстандағы телемедицина қызметтерінің дамуы халықаралық медициналық туризмде жетекші елдермен салыстырғанда бастапқы және орта деңгейде екенін көрсетті. Дегенмен, телемедицина қызметтерінің сандық көрсеткіштерінің оң динамикасы Қазақстанның медициналық туризм нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға нақты алғышарттар бар екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелерін талқылау телемедицина мен цифрлық технологиялардың Қазақстандағы медициналық туризмді дамытуда маңызды стратегиялық құрал екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер медициналық және туристік қызметтерді интеграциялау, цифрлық сервис-

терді жетілдіру және халықаралық пациенттерге бағытталған сервистік қолдауды күшейту қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Қорытынды. Қазақстанның медициналық туризм саласы соңғы жылдары айтарлықтай дамып келеді, әсіресе жоғары сұранысқа ие бағыттарда – кардиология, онкология, репродуктивтік медицина және күрделі хирургиялық операциялар. Елге шетелдік пациенттердің келуі ұлғайып, медициналық қызмет сапасы халықаралық деңгейде танымал бола бастады. Дегенмен, қызметтердің қалаға шоғырлануы мен азаматтардың шетелге емделуге шығуы саланың құрылымдық мәселелерін көрсетеді.

Цифрлық медициналық туризм, атап айтқанда телемедицина арқылы шетелдік пациенттерді тарту, Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл бағыт арқылы пациенттер алдын ала онлайн-консультация ала алады, емдеу жоспарын анықтап, сапалы медициналық қызметке қол жеткізеді. Сонымен қатар, телемедицина инфрақұрылымын дамыту, халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, маркетингтік стратегияларды жетілдіру және көптілді қолдау қызметтерін ұйымдастыру арқылы медициналық туризмді тұрақты әрі тиімді етуге болады.

Медициналық туризмді ұлттық туризм стратегиясының басым бағыты ретінде дамыту Қазақстанға бірнеше стратегиялық артықшылық береді: халықаралық пациенттер ағымын ұлғайту, қызмет көрсету сапасын жақсарту, туризм саласын тұрақтандыру және елдің халықаралық имиджін нығайту. Осылайша, цифрлық және дәстүрлі медициналық туризмді біріктіре отырып, Қазақстан аймақтық деңгейде медициналық туризм көшбасшысы бола алады, бұл елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Hong Y. A. Medical tourism and telemedicine: A new frontier of an old business // *Journal of Medical Internet Research*. – 2016. – Vol. 18. – №5. – pp. 115. URL: <https://www.jmir.org/2016/5/e115/>.
- 2 Connell J. Contemporary medical tourism: Conceptualisation, culture and commodification // *Tourism Management*. – 2013. – Vol. 34. – pp. 1–13. DOI: 10.1016/j.tourman.2012.05.009.
- 3 Lunt N., Horsfall D., Hanefeld J. Medical tourism: A snapshot of evidence on treatment abroad // *Maturitas*. – 2016. – Vol. 88. – pp. 37–44. DOI: 10.1016/j.maturitas.2016.03.001.
- 4 World Health Organization. Telemedicine: Opportunities and developments in Member States: Report on the second global survey on eHealth. – Мәтін : электрондық ресурсы // Geneva: WHO, 2010. – URL: <https://www.afro.who.int/publications/telemedicine-opportunities-and-developments-member-state>.
- 5 Bashshur R. L., Shannon G. W., Smith B. R., Alverson D. C., Antoniotti N., Barsan W. G., Yellowlees P. The empirical foundations of telemedicine interventions for chronic disease management // *Telemedicine and e-Health*. – 2014. – Vol. 20. – №9. – pp. 769–800. DOI: 10.1089/tmj.2014.9981.
- 6 Gu D., Li J., Wang Y. Different roles of telehealth and telemedicine on medical tourism: an empirical study from Azerbaijan // *Healthcare*. – 2021. – Vol. 9(8). – Art. 1073. – DOI: 10.3390/healthcare9081073.
- 7 Ashraf J., Hayat Y. Transforming medical tourism through digital advancements / *Revolutionizing Healthcare Experience With Digital Medical Tourism*. – Hershey, PA: IGI Global, 2025. – pp. 425–458. DOI: 10.4018/979-8-3693-7888-5.ch017.
- 8 Jayanthi Kannan M. K., Shree Nee T. R., Mariyappan K. Digital health and medical tourism innovations for digitally enabled care for future medicine // *Navigating Innovations and Challenges in Travel Medicine and Digital Health*. – Hershey, PA : IGI Global, 2025. – pp. 325–344. URL: <https://www.igi-global.com/chapter/digital-innovations-in-medical-tourism/372911>.
- 9 Sungur C. Digitalization in health tourism: An evaluation of Türkiye's current situation and future perspective // *Sağlık ve Sosyal Refah Araştırmaları Dergisi*. – 2025. – Vol. 7, № 2. – P. 242–256. – <https://doi.org/10.55050/sarad.1702160>.
- 10 Chellaiyan V. G., Nirupama A. Y., Taneja N. Telemedicine in India: Where do we stand? // *Journal of Family Medicine and Primary Care*. – 2019. – Vol. 8. – №6. – pp. 1872–1876. DOI: 10.4103/jfmpc.jfmpc_264_19.
- 11 Saliba V., Legido-Quigley H., Hallik R., Aaviksoo A., Car J., McKee M. Telemedicine across borders: A systematic review of factors that hinder or support implementation // *International Journal of Medical Informatics*. – Vol. 81. – 2012. – Iss. 12. – pp. 793–809. DOI: 10.1016/j.ijmedinf.2012.08.003.
- 12 Connell J. Contemporary medical tourism: Conceptualisation, culture and commodification // *Tourism Management*. – 2013. – Vol. 34. pp. 1–13. – DOI: 10.1016/j.tourman.2012.05.009.
- 13 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру статистикасы (2010-2024) // Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-medicine/spreadsheets/>.
- 14 Kumar A. B., Faizullina K., Seiduanova L., Yelibay A., Zhamankulova N., Mukashev N. Digital transformation in healthcare: Global best practices and Kazakhstan's path forward // *Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics*. – 2025. – Vol. 6. – №2. – pp. 125–132. – DOI: <https://doi.org/10.47316/cajmhe.2025.6.2.06>.
- 15 World Health Organization. Telemedicine in Kazakhstan: Smart health services delivery. – Copenhagen: WHO, 2019. – URL: <https://www.who.int/europe/news/item/01-02-2019-telemedicine-in-kazakhstan-smart-health-services-delivery> (қол жеткізу күні: 15.12.2024).
- 16 Kursiv Media. Digitalization of healthcare and telemedicine in Kazakhstan. – URL: <https://kz.kursiv.media/kk/2025-09-13/grtb-telemedisina-damu/> (қол жеткізу күні: 15.12.2024).
- 17 Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. On the volume of services provided in the field of healthcare and social services (IV quarter of 2024). – URL: <https://stat.gov.kz/en/industries/social-statistics/stat-medicine/publications/325279/> (қол жеткізу күні: 15.12.2024).

References

- 1 Hong Y. A. Medical tourism and telemedicine: A new frontier of an old business // *Journal of Medical Internet Research*. – 2016. – Vol. 18. – №5. – pp. 115. URL: <https://www.jmir.org/2016/5/e115/>.
- 2 Connell J. Contemporary medical tourism: Conceptualisation, culture and commodification // *Tourism Management*. – 2013. – Vol. 34. – pp. 1–13. DOI: 10.1016/j.tourman.2012.05.009.
- 3 Lunt N., Horsfall D., Hanefeld J. Medical tourism: A snapshot of evidence on treatment abroad // *Maturitas*. – 2016. – Vol. 88. – pp. 37–44. DOI: 10.1016/j.maturitas.2016.03.001.
- 4 World Health Organization. Telemedicine: Opportunities and developments in Member States: Report on the second global survey on eHealth. – Мәтін : jelektronдық resurs // Geneva: WHO, 2010. – URL: <https://www.afro.who.int/publications/telemedicine-opportunities-and-developments-member-state>.
- 5 Bashshur R. L., Shannon G. W., Smith B. R., Alverson D. C., Antoniotti N., Barsan W. G., Yellowlees P. The empirical foundations of telemedicine interventions for chronic disease management // *Telemedicine and e-Health*. – 2014. – Vol. 20. – №9. – pp. 769–800. DOI: 10.1089/tmj.2014.9981.
- 6 Gu D., Li J., Wang Y. Different roles of telehealth and telemedicine on medical tourism: an empirical study from Azerbaijan // *Healthcare*. – 2021. – Vol. 9(8). – Art. 1073. – DOI: 10.3390/healthcare9081073.
- 7 Ashraf J., Hayat Y. Transforming medical tourism through digital advancements / *Revolutionizing Healthcare Experience With Digital Medical Tourism*. – Hershey, PA: IGI Global, 2025. – pp. 425–458. DOI: 10.4018/979-8-3693-7888-5.ch017.
- 8 Jayanthi Kannan M. K., Shree Nee T. R., Mariyappan K. Digital health and medical tourism innovations for digitally enabled care for future medicine // *Navigating Innovations and Challenges in Travel Medicine and Digital Health*. – Hershey, PA : IGI Global, 2025. – pp. 325–344. URL: <https://www.igi-global.com/chapter/digital-innovations-in-medical-tourism/372911>.

- 9 Sungur C. Digitalization in health tourism: An evaluation of Türkiye’s current situation and future perspective // Sağlık ve Sosyal Refah Araştırmaları Dergisi. – 2025. – Vol. 7, № 2. – P. 242–256. – <https://doi.org/10.55050/sarad.1702160>.
- 10 Chellaiyan V. G., Nirupama A. Y., Taneja N. Telemedicine in India: Where do we stand? // Journal of Family Medicine and Primary Care. – 2019. – Vol. 8. – №6. – pp. 1872–1876. DOI: 10.4103/jfmpc.jfmpc_264_19.
- 11 Saliba V., Legido-Quigley H., Hallik R., Aaviksoo A., Car J., McKee M. Telemedicine across borders: A systematic review of factors that hinder or support implementation // International Journal of Medical Informatics. – Vol. 81. – 2012. – Iss. 12. – pp. 793-809. DOI: 10.1016/j.ijmedinf.2012.08.003.
- 12 Connell J. Contemporary medical tourism: Conceptualisation, culture and commodification // Tourism Management. – 2013. – Vol. 34. pp. 1–13. – DOI: 10.1016/j.tourman.2012.05.009.
- 13 Densaulyқ сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру статистикасы (2010-2024) // Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық зhosparlau және reformalar agenttigi. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-medicine/spreadsheets/>.
- 14 Qumar A. B., Faizullina K., Seiduanova L., Yelibay A., Zhamankulova N., Mukashev N. Digital transformation in healthcare: Global best practices and Kazakhstan’s path forward // Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics. – 2025. – Vol. 6. – №2. – pp. 125–132. – DOI: <https://doi.org/10.47316/cajmhe.2025.6.2.06>.
- 15 World Health Organization. Telemedicine in Kazakhstan: Smart health services delivery. – Copenhagen: WHO, 2019. – URL: <https://www.who.int/europe/news/item/01-02-2019-telemedicine-in-kazakhstan-smart-health-services-delivery> (қол zhetkizu күні: 15.12.2024).
- 16 Kursiv Media. Digitalization of healthcare and telemedicine in Kazakhstan. – URL: <https://kz.kursiv.media/kk/2025-09-13/grtb-telemedisina-damu/> (қол zhetkizu күні: 15.12.2024).
- 17 Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. On the volume of services provided in the field of healthcare and social services (IV quarter of 2024). – URL: <https://stat.gov.kz/en/industries/social-statistics/stat-medicine/publications/325279/> (қол zhetkizu күні: 15.12.2024).

<p>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор) Иманбекова Багдагул Толендиевна, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: saulet.78@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-1897-907X</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Иманбекова Багдагул Толендиевна, PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан e-mail: saulet.78@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-1897-907X</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Imanbekova Bagdagul Tolendievna, PhD, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: saulet.78@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0003-1897-907X</p>
---	--	--

Мақала түскен күні: 18.11.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 23.12.2025